ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 6 қыркүйек №4712-24-00-2/3050 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Ш.Тленов, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық ісін қарап,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының «№ 1 Жаңаөзен қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер Саткынова Гульназира Сарлыбаевна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1) Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2) Тұрақсыздық айыбын өндіріп алу

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229 - баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының «№ 1 Жаңаөзен қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер Саткынова Гульназира Сарлыбаевна мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «жеке кәсіпкер Саткынова Гульназира Сарлыбаевнадан мемлекеттің пайдасына 15 797 (он бес мың жеті жүз тоқсан жеті) теңге тұрақсыздық айыбы және мемлекеттің пайдасына 2003 (екі мың үш) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде

хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.Ш.Тленов

Құжатқа қол қойылған: Тленов А. Ш., 13.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 01.11.2024, судья Тленов А. Ш., 04.11.2024

4712-24-3-1/2802